

Г.С. Беделова 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: gulzhanbedelova@gmail.com

ҚЫТАЙДАҒЫ МОҢҒОЛ БИЛІГІ ТҰСЫНДАҒЫ САУДА ҚАТЫНАСТАРЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақалада біз Қытайдың сыртқы саудасының сипаты моңғолдық Юань династиясының тұсында өзгерістерге қаншалықты ұшырағанын анықтауға тырыстық. Біздің міндетіміз – Қытайдағы биліктің Оңтүстік Суннан Юаньға ауысуы кезіндегі сауда қатынастары сабақтастығының кейбір аспектілерін және Қытайдың еуразиялық моңғол империясына саяси интеграциясын түсіндіру болып табылады. Ол үшін, Оңтүстік Сун әулеті билік еткен кезеңмен салыстырғанда Юаньдық Қытай сауда операцияларының, импортының және экспортының сипатына жарық түсіретін түрлі деректердегі қытай саудасы туралы мәліметтерге салыстырмалы талдау жүргізуге тырыстық. Мақалада қарастырылған шығармалар XIII ғасырдағы сауда тарихы, тауар алмасу және аймақтың экономикалық даму тенденциялары туралы, Оңтүстік Сун әулетінің құлауынан Юань әулетінің негізін қалаушы Құбылайдың билікке келуіне дейінгі кезеңнің құнды дереккөздері болып табылады. Шығармаларды салыстырмалы талдау бірқатар құбылыстар мен процестердің сипаттамаларында ұқсастықтарды анықтауға мүмкіндік берді, ал бұл ортағасырлық авторлардың хабарламаларының дәлдігін растайды. Нәтижесінде, Юань әулетінің билікке келуі аймақтағы сауда жағдайына оң әсер етті, саудагерлердің жағдайы алдыңғы кезеңмен салыстырғанда нығайды, сыртқы байланыстар сақталып, кеңейе түсті, баж салықтарын жинаудың дамыған жүйесі бюрократиялық аппаратты ұйымдастырудың жоғары деңгейін көрсетті, импортталатын және экспортталатын тауарлардың ассортименті айтарлықтай толықтырылды деген қорытындыларға келдік.

Түйін сөздер: сауда, юань империясы, моңғол империясы, сыртқы сауда, баға эволюциясы.

G.S. Bedelova

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
e-mail: gulzhanbedelova@gmail.com

Some problems of trade relations during the Mongol rule in China

In the article, the author establishes to what extent the nature of China's foreign trade underwent changes during the Mongolian Yuan dynasty. The author's task is to explain some aspects of the continuity of trade relations when power in China passes from the Southern Song Empire to the Yuan Empire, China's entry into the Eurasian Mongolian Empire. The author conducted a comparative analysis of materials on trade in China in various sources, which reveal the nature of commercial transactions, imports and exports of China in the Yuan period compared to the period when the Southern Song Dynasty ruled. The works considered in the article are devoted to the history of trade of the XIII century, commodity exchange and trends in the economic development of the region, are valuable sources of the period from the fall of the Song Dynasty to the coming to power of the founder of the Yuan Dynasty. A comparative analysis of the works revealed similarities in the characteristics of a number of phenomena and processes, which confirms the accuracy of the reports of medieval authors. As a result of the research, the author comes to the conclusion that the coming to power of the Yuan dynasty has had a positive impact on the trade situation in the region, the position of merchants has become stronger compared to the previous period, external relations have remained and developed, the developed system of collecting duties has shown a high level of organization of the bureaucratic apparatus, the range of imported and exported goods has significantly expanded.

Key words: trade, Yuan empire, Mongol empire, foreign trade, price evolution.

Г.С. Беделова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
e-mail: gulzhanbedelova@gmail.com

Некоторые проблемы торговых отношений во время монгольского владычества в Китае

В статье автор устанавливает, в какой мере природа внешней торговли Китая подверглась изменениям при монгольской династии Юань. Задача автора – объяснить некоторые моменты преемственности торговых взаимоотношений когда власть в Китае переходит от империи Южная Сун к империи Юань, вхождение Китая в Евразийскую Монгольскую империю. Автором проведён сравнительный анализ материалов о торговле в Китае в различных источниках, которые раскрывают характер коммерческих сделок, импорта и экспорта Китая в период Юань по сравнению с тем периодом, когда правила династия Южная Сун. Работы, рассмотренные в статье, посвящены истории торговли XIII века, товарообмену и тенденциям экономического развития региона, являются ценными источниками периода от падения династии Сун до прихода к власти основателя династии Юань. Сравнительный анализ произведений позволил выявить сходства в характеристиках ряда явлений и процессов, что подтверждает точность сообщений средневековых авторов. В результате исследования автор приходит к выводу, что приход к власти династии Юань благоприятно повлиял на торговое состояние в регионе, положение торговцев стало прочнее по сравнению с прежним периодом, остались и получили развитие внешние связи, развитая система сбора пошлин показала высокий уровень организации бюрократического аппарата, значительно расширился ассортимент ввозимых и экспортируемых товаров.

Ключевые слова: торговля, империя Юань, Монгольская империя, внешняя торговля, эволюция цен.

Кіріспе

Моңғол жаулап алуының алдында, Сун әулетінің билігі кезінде (960-1270) Қытайдың сыртқы сауда байланыстары кең болды. Юань патшалығы сауда ісі қазынаға көп пайда әкелетінін түсініп, бұл салада жалпы Сун империясы уақытында орныққан тәртіпті сақтады. Бұрынғыдай қазына тұз, темір, асыл тастар және күміс, май, шарап, сірке суы тауарларына монополия орнату арқылы пайда, табыс тапты. Сауда салығы белгіленді, өкімет сауда жолдарына қамқорлық көрсетіп отырды, тіпті саудагерлерді тонаумен күрес жүргізуге тырысты. Өкіметтің ерекше қамқорлығына Орталық, Алдыңғы Азиядан, Еуропадан келген саудагерлер ие болды. Мақалада біз Қытайдың сыртқы саудасының сипаты моңғолдық Юань династиясының тұсында өзгерістерге қаншалықты ұшырағанын анықтауға тырыстық. Біздің міндетіміз – Қытайдағы биліктің Оңтүстік Суннан Юаньға ауысуы кезіндегі сауда қатынастары сабақтастығының кейбір аспектілерін және Қытайдың еуразиялық моңғол империясына саяси интеграциясын түсіндіру болып табылады. Ол үшін, Оңтүстік Сун әулеті билік еткен кезеңмен салыстырғанда Юаньдық Қытай сауда операцияларының, импортының және экспортының сипатына жарық түсіретін түрлі деректердегі қытай саудасы туралы мәліметтерге салыстырмалы талдау жүргізуге тырыстық.

Материалдар және әдістер

Халықаралық сауда әрдайым тарихшыларды қызықтырды, соның ішінде ортағасырлық сауда да шетте қалған жоқ. Ортағасырлық сауда және оның қалыптасуына әсер еткен факторлар бірнеше рет отандық және шетелдік зерттеушілердің мұқият зерттеу тақырыбына айналған. Көптеген жұмыстардың ішінен XIX ғасырдың соңында жазылған В.Гейдтің іргелі еңбегін атап өтуге болады (Heyd, 1885), бұл еңбек әлі күнге дейін өзінің ғылыми өзектілігін жоғалтқан жоқ. XIII-XV ғасырларда Қара теңіз аймағында ақша айналымының дамуына арналған А.Л. Пономаревтің монографиясы да пайдалы (Пономарев, 2011а). Автор жинаған және талдаған көптеген фактілердің ішінде біз үшін Марко Полоның әдеттегі ақша бірліктерін түсіну үшін қажет венециялық ақша жүйесі туралы мәліметтер үлкен қызығушылық тудырады. Сонымен қатар, моңғол мемлекеттерінің бірі ретінде Алтын Орданың монеталары туралы мәліметтер маңызды болып табылады, оларды аналогия ретінде пайдалануға болады. Біздің тақырып аясында В. Чоцилтанның «XIII–XIV ғасырлардағы моңғолдар мен Қара теңіз саудасы» кітабында баяндалған бақылаулары да қызықты (Ciociltan, 2012). Ол сыртқы байланыстарға ашық болу Моңғол империясының ерекшелігі екенін атап өтеді; Жібек жолының даму проблемаларына көп көңіл

бөледі; Қара теңіз саудасының дамуындағы моңғолдардың рөлін және Марко Поло, Пеголотти және басқа да авторлардың деректері негізінде осы аймақтағы саудагерлердің жағдайының ерекшеліктері туралы деректерді талдайды (Сіосітан, 2012а: 102-108). Генуя мен Венециандық көпестер арасындағы елхандар мемлекетінде үстемдік ету үшін күрестің негізгі кезеңдерін қорытындылайды (Сіосітан, 2012b: 125-139).

Юаньдық Қытайда ортақ деп аталатын көпестер бірлестіктерінің пайда болу мәселесін Э. Эндикотт-Вест зерттеді, ол осы тақырыпқа мақала арнады (Endicott-West, 1989a). Автор көбінесе қоғамның билеуші элитасының мүдделерін білдіретін, олардың қаражатына тікелей операциялар жасайтын немесе пайданың бір бөлігін бөлісетін үкімет қолдайтын топтардың қалыптасуын талдады. Ол ортақ пен чжурчжендер және кидандар мемлекеттерінде болған саудагерлердің арнайы топтары арасындағы сабақтастықтың бар екендігін белгілейтін тенденцияларды атап өтеді, бірақ соңғылары үкіметтен әлде қайда аз артықшылықтар көргенін де айттып кетеді. Сонымен бірге, «ортақ» құбылыс ретінде моңғолдарда Оңтүстік Қытайды басып алғанға дейін, мұсылман көпестеріне ханның маңайындағылар демеушілік жасау процесінде қалыптаса бастағанын да көрсетеді (Endicott-West, 1989b: 132). Мақалада ортақтың моңғол саудасының дамуындағы үлкен рөлі, атап айтқанда Оңтүстік Сун империясы құлағаннан кейін теңіз бағытын бақылаудағы орны атап өтіледі (Endicott-West, 1989c: 139).

Барлық негізгі сауда бағыттарын іс жүзінде бірыңғай саяси бақылауға қойған Шыңғыс державасының құрылуы еуразиялық саудаға барынша ықпал етті. Осыған байланысты зерттеушілер моңғол жаулап алуларынан туындаған өзгерістер туралы көптеп айтуы да заңды. Мысалы, С.П. Карпов Моңғол мемлекетінің гүлдену кезеңі, әсіресе Юань әулетінің негізін қалаушы Құбылай ханның тұсы, XIV ғасырға дейін өмір сүрген итальяндық сауданың гүлденуімен сәйкес келді деп атап өтеді (Карпов, 1990). Моңғол жаулап алуының нәтижелерінің бірі Қытай жерлері әлемдік сауда айналымына бұрынғыдан да белсенді қатысқандығы болып табылады. Экономикалық тарих мамандарының зерттеу нәтижелеріне сәйкес, Еуразия аумағында күміс айналымы қарқынды өсті және бұл процестердің бәрі XIII ғасырдың ортасында орын алып, моңғолдардың қол астында бірігуімен байланысты болды деп тұжырымдалады (Biran, 2013: 1025).

Дегенмен, осындай зерттеулердің бар болғанына қарамастан, мақалада қарастырылған кейбір мәселелер аталмыш еңбектерде мүлдем көтерілмеген. Мақалада қолданылған жазба деректер этникалық жағынан әр түрлі авторлармен түрлі аймақтарда құрастырылған. Шығармаларды салыстырмалы талдау бірқатар құбылыстар мен процестердің сипаттамаларында ұқсастықтарды анықтауға мүмкіндік берді, ал бұл ортағасырлық авторлардың хабарламаларының дәлдігін растайды.

Нәтижелер және талдаулар

Егер моңғол саудасының даму тарихына жүгінетін болсақ, онда империяның негізін қалаушы Шыңғыс ханнан бастау керек. Моңғол тайпаларын біріктіру және іргелес аумақтарды жаулап алу процесінің басында Шыңғыс хан әртүрлі тауарлар, қымбат металдар мен сәнді тауарлар түрінде салық алумен шектеліп, алдына сауда байланыстарын орнату міндетін қоймады, бірақ уақыт өте келе оның саудаға деген қызығушылығы едәуір артты.

Джувейни моңғолдармен сауда жасау тиімді және салыстырмалы түрде қауіпсіз деп жазды, өйткені Шыңғыс ханның жарлығына сай саудагерлерге кедергісіз өту үшін жағдай жасалуы керек еді (Джувейни, 2004а: с.51). Сонымен қатар, жаулап алушылар саудагерлерді өзінің тыңшылары және жергілікті тұрғындар арасында Шыңғысқа қажет қауесеттерді тарататын агенттер ретінде белсенді және сәтті пайдаланды (Петрушевский, 1970а). Ортаазиялық көпестер саудадағы жалпы жағдайдың жақсаруына үміттеніп, осы аймаққа жорық кезінде Шыңғыс ханды барынша қолдады (Петрушевский, 1970b: с. 120).

Шыңғыстың мұрагері Үгедей де өз ауласына көпестерді барынша шақырып, оларға әр түрлі көмек көрсетеді (Рашид ад-дин, 1952а: 54,59). Рашид ад-Дин оның билігінің тұсында көпестер елдің ішінде станция атты көліктерін пайдаланғанын, бұл ямдық міндетін атқарған қарапайым тұрғындар үшін өте ауыр болғанын жазады (Рашид ад-дин, 1952b: 141). «Елюй Чуцайдың қабіріндегі жазуда» бүкіл провинциялардан салық жинаған мұсылман саудагерлерінің Үгедей кезінде үлкен ықпалға ие болғандығы айтылған (Мункуев, 1965а: 22,39,84).

Құйық та саудагерлерге жомарт болды. Саудагерлер едәуір артықшылықтарға ие болып, моңғол билеуші элитасымен және ханның туыстарымен тікелей байланыста болған (Мункуев, 1965b: 21-22).

Мөңке таққа отырған соң саудагерлерді амдық ат көліктерін ақысыз пайдалану құқығынан айырады және олардан жиналатын нақты салықты бекітеді. Соған қарамастан, саудагерлердің жағдайы әлі де жақсы дәрежеде қала берді: олар бірнеше деңгейге бөлінді, кейбіреулері сарайға белгілі бір тауарларды жеткізуге кепілдік беріп, тікелей қазынадан қаражат алып та отырды (Джувеини, 2004b: 439-440). Бірақ одан да маңыздысы, Мөңке ортаазиялық көпестердің алдында өзіне дейінгілердің міндеттемелерін мойнына алды (Джувеини, 2004c: 434-437), сол арқылы сауданың оның мемлекеті үшін маңыздылығын түсінетіндігін көрсетті (Крадин, Скрынникова, 2006: 289).

Империя төрт ұлысқа бөлінгеннен кейін де, көпестер ханның қамқорлығына ие бола берді, өйткені моңғолдар әлі де сауданы дамытуға қызығушылық танытты. В. Чоцилтан осыған дәлел ретінде Алтын Орда ханы Беркенің шығысқа қарай сапар шегіп бара жатқан ағайынды Полларды жақсы шыраймен қарсы алғандығын атап өтеді (Ciociltan, 2012c: 100-101).

Осылайша, моңғолдар үшін сауда әрдайым пайдалы және құрметті кәсіп ретінде танылғанын көруге болады. Моңғолдарда қабылданған діни төзімділік те сауда қатынастарының сәтті дамуына көп ықпал еткенін В. Гейд дұрыс жазып кетеді (Heyd, 1885: 66,71). Ірі сауда өкілдері мен ұлы хандардың симбиозын Ло Жунбан да атап өтеді, ол көпестердің моңғолдарға көрсеткен қызметтерінің ұзақ тізімін береді: жау территориясындағы барлау және үгіт-насихат функциялары; хан туыстарына сыйлықтар, армияны және құрылысты қаржыландыру; фарфор, жібек, лак бұйымдарын, қағаз және мақта маталарын өндіруге капитал салу; салық жүйесін және қағаз ақшаны басып шығаруды бақылау (Lo Junpang, 2012: 308 –309). Ал А.В. Чоцилтан моңғол билеушілерінің өз шекараларын шетелдіктерге жабу ниетінің жоқтығына назар аударып, олар кейбір шет аудандармен ғана сауданы шектегендігін көрсетеді (Ciociltan, 2012d: 2). Шетелдік көпестер үшін елге кіруге тыйым салу саясаты Еуропада да, Византияда да, бірқатар Азия мемлекеттерінде де орын алған, сондықтан көріп отырғанымыздай, Моңғол империясы осы тұста ерекшеленеді.

Қытайда моңғолдарға дейін сәл өзгеше жағдай орын алды. Ол жерде саудагерлерді төмендету үрдісі ежелден бері байқалған. Қарастырылып отырған кезеңнен әлдеқайда бұрын, б.з.д. IV ғасырда Шанг Ян реформалары кезінде жеке сауда мемлекет тарапынан айтарлықтай шекте-

улерге ұшыраған. Бұл шаралар саудагерлердің санын азайтуға және олардың қызметінің кірістілігін төмендетуге бағытталды, себебі бұл саясат, сауда мемлекеттің ерекше функциясы болып қалуын көздеді (Духовная культура Китая, 2009: Т. 4., 113); саудагерлер құрметке ие болмады (Очерки истории Китая с древности до «опиумных» войн, 1959a: 55). Осы жағдай Хань әулетінде де орын алды (Очерки истории Китая с древности до «опиумных» войн, 1959a: 233). Тан дәуірінің билеушілері де ірі саудагерлердің пайдасын шектеуге тырысты (Очерки истории Китая с древности до «опиумных» войн, 1959b: 70). Сун әулетінің саудагерлері айтарлықтай кедергілерге тап болып отырды. Оның мұрагері Оңтүстік Сунның тұсында жағдай сауданың жандануына қарай біршама өзгерді, бұл империяның орталығының оңтүстікке ауысуына байланысты теңіз қатынастарының жандануына ықпал етті (Уваров, Рябинин, 2017a: 139, 144-145), солтүстік бағыт та өз позициясын бекітті – чжурчжендермен өте белсенді сауда жасалды (Franke, 1978: 29,34). Моңғол жаулап алушылықтарынан кейін Қытай саудасындағы жағдай жақсаруын одан әрі жалғастырды (Уваров, Рябинин, 2017b: 171-172).

Баға эволюциясы

Аймақтағы баға эволюциясына назар аударатын болсақ, онда бұл кезеңде әр түрлі елдерде күмістің алтынға қатынасының айтарлықтай өзгешелігі бар болғанын есте ұстаған жөн. Чжао Жугуа, өкінішке орай, Малабар жағалауындағы Квилон порты туралы ғана мұндай мәлімет береді, онда бір алтын монета он екі күміске тең болған (Chau Ju-Kua, 1966a). Батыста салыстырмалы пропорция 1:11, Византия мен Қара теңіз саудасында тек XIII ғасырдың соңында, 1280 жылдан кейін байқалды, ал Италияда, атап айтқанда Марко Полоның отаны Венецияда, 1263-1285 жылдары 1:8,5 қатынасы заңдастырылды (Пономарев, 2011b: 191).

Шығыста Марко Поло болған кезде алтынның бағасы Еуропаға қарағанда айтарлықтай төмен болды. Батыс Юньнанда саудагерлер алтынды күміске бірден беске ауыстырды (Et si vous di que il donnent .I. pois d'or pour .V. pois d'argent, тікелей аударғанда: «бір алтын бұршақ үшін бес күміс бұршақ») және бұл тиімді мәміле болып саналды, өйткені бұл бөліктерде күміс кен орындары болған жоқ (Марко Поло, 1990a: 128); дәл осындай пропорция Маджапахит империясының қалаларының біріне қатысты (Малай түбегінің батысында) көрсетілген – Чжао Жугуа 2 дән күріш 1 таэль күміс, ал 10 дән күріш 1 таэль

алтын, яғни қатынасы 1:5 болады деп хабарлайды (Chau Ju-Kua, 1966b: 68). Юньнань мен Бирма шекарасындағы Караджанда алтын мен күміс 1:8-ге тең болды (Марко Поло, 1990b: 125). Осыған сүйене отырып, Батыста алтын едәуір қымбат болды деп болжауға болады, ал оңтүстік-шығыс Азия елдерінде өз кен орындары жеткілікті болғандықтан, оның бағасы онша жоғары болмаған. Чжао Жугуа алтынды экспорт ретінде шығаратын көптеген аймақтарды атайды: Цзяочжи, Үндістан, Занзибар, Газни, Джабрус, Бусуанга және т.б. (Chau Ju-Kua, 1966c: 46,111,126,138,153,163) Марко Поло шығармасында мұндай мәліметтер жоқ – алтын не импорт заты ретінде, не сауда алмасу құралы ретінде көрсетіледі.

Баға мәселесіне қайта орала отырып, Марко Поло шығармасы бізге бұл туралы көбірек мәлімет беретінін мойындай аламыз. Венециандық бұл жерде оған таныс еуропалық ақша бірліктері мен метрикалық жүйені қолданды. Чжао Жугуа тауарлардың құны туралы айтқан бірнеше жерінде бәрін қымбат металдардың таэльдерімен (ляндарымен) теңестірді.

Сонымен, егер «Алыс жерлердің сипаттамасын» (Чжао Жугуа шығармасы «Чжу фань чжи» (1225)) мұқият оқып шығатын болсақ, онда Явада егін жақсы шыққан жылы жиырма бес лян алтынға (932, 525 г) әрқайсысы 50 шэнға тең оннан жиырма қаптамаға дейін бұрыш (яванның негізгі экспорттық өнімі) сатып алу мүмкін болған, ал құрғақшылық жылдары – екі есе аз (Chau Ju-Kua, 1966d: 83). Сун дәуірінде 1 шэн – борпылдақ заттардың көлемінің өлшемі ретінде 0,6641 л-ге тең болған (Духовная культура Китая, 2009: Т. 5., 335), ал бұрыштың бір қаптамасында 33,205 л болды, яғни 932,5 г алтынға 332 л-ден 664 л-ге дейін бұрыш сатып алынды. Орташа есеппен алғанда, бір литр ұнтақталмаған қара бұрыштың салмағы 560 г екенін ескерсек, өнімді жылы явандық бұрыштың құны 1 кг бұрыш үшін 5-тен 10 г алтынға дейін болған деп тұжырымдауға болады.

Өз жұмысының басқа бөлімінде Чжао Жугуа Маджапахит империясындағы күріш бағасы туралы кейбір мәліметтерді келтіреді, бірақ бұл мәліметте күріштің алтынға қатысты құны тым қымбат сияқты (*мәтінде 2 дэн күріш 1 таэл күміс, ал 10 дэн күріш-1 таэл алтын тұрғандығы айтылады, аудармашылардың пікірінше, дэн бұл жағдайда үнділік көлем өлшем бірлігі толаға тең, ол шамамен 12 г құрайды, ал 1 таэл 37,3 г құрайды*) (Chau Ju-Kua, 1966e: 68-69). Камбоджада, керісінше, Чжао Жугуаның айтуынша,

күріш бағасы өте төмен болған: 1 лянға (37,301 г) 2 бушель (*біз деректің ағылшын тіліндегі аудармасымен жұмыс істеп отырғандықтан, бұл ағылшын бушелі деп ұйғарамыз, оның көлемінің өлшемі 35,2 литрге тең, ал 1 литр күріштің салмағы шамамен 750 г екенін ескерсек, онда 26,4 кг күріш туралы сөз болып отыр*) күріш сатылған (Chau Ju-Kua, 1966f: 53).

Енді «Марко Поло кітабындағы» мәліметтерді қарастырайық. Сучжоу қаласында бір венециандық гроссоға 40 фунт керемет зімбір сатып алуға болады (Марко Поло, 1990c: 146). Венециандық гроссо матапан сол уақытта күміс болды, салмағы 2,18 г құрады (Пономарев, 2011c: 192). Венециандық фунт 0,477 кг болған (С.П. Карповтың кітабында басқа мағына берілген: 1 пондо – 90 кг. в. қараңыз: Карпов С.П. Италия теңіз республикалары. Б.334.). Яғни, 2,18 г күміс үшін 19,08 кг, ал бір грамм күміс үшін 8,752 кг зімбір берілді деп болжауға болады. Сонымен қатар, оңтүстікке қарай орналасқан Фуцзянда зімбір екі есе арзан тұрды – бір грошқа 80 фунт (Марко Поло, 1990d: 152). Зімбірден басқа, күміс грошқа үш фарфор шыныаяқ сатып алуға болады, «мұндай әдемі, жақсы заттан артық нәрсені тілеу де мүмкін емес» – Фуцзянь провинциясының оңтүстік-шығысындағы Дэжуа қаласында немесе Хуанхэ өзеннің жағалауындағы сауда орындарында үш қырғауылды [сатып алуға болады] (Марко Поло, 1990e: 119). Ал Аденде (Арабия жағалауында) екі үлкен балық бір грош тұрды (Марко Поло, 1990f: 190).

Матапаннан басқа, Марко Поло шығармасында венециялық күміс марка кездеседі. Қарастырылып отырған кезеңде оның салмағы 238,7656 г күміс болуы мүмкін [Пономарев, 2011c: 72]. Айтарлықтай үлкен ақша бірлігі. Ол, мысалы, Гуджараттағы сауда жағдайының сипаттамасында айтылады, онда он күміс марка тұратын алтын және күміс жіптермен кестеленіп, жануарлар мен құстардың суреттерімен безендірілген қызыл былғарыдан төсеніштер өңделенетіндігі сөз болады; сондай-ақ, сол жерде алты марка тұратын алтын жіптермен тігілген жастықтар жасалады (Марко Поло, 1990g: 181).

Басқа жерде венециандық марка тұратын жылқылардың құнын көрсетеді. Аденнен Үндістанға бір басы жүз марка тұратын жылқылар шығарады, ал Маабарда (Коромандель жағалауында) олар одан да қымбат сатылады – бес жүз алтын сайе, ол «жүзден астам күміс марканы құрайды» (Марко Поло, 1990h: 167). Егер нақтылауға тырысатын болсақ, онда бес жүз сайе шамамен 2362,5 г алтынға тең (сайе – бұл

унцияның 1/6 бөлігі, яғни 4,752 г құрайтын өлшем бірлік). Яғни, автордың мәлімдемесі кейбір күмән тудырады: жүз маркада 23876 г күміс бар және алтынның күміске қатынасы 1:5-тен 1: 8-ге дейін өзгеріп тұрғанын ескерсек, онда 2362,5 г алтынның құны 11812,5 г-нан 18900 г-ға дейін өзгеруі мүмкін еді, бұдан бес жүз сәйе жүз маркадан аз екендігі айқын көрінеді. Қалай болғанда да, шамалардың реті айқын.

Марко Полоның тағы бір ақша бірлігі – алтын безант. Қарастырылып отырған кезеңдегі оның салмағы 4,2 г алтынды құрады. Деректегі мәліметтерге қарағанда, Аденнің билеушісі хош иісті зат (ладан) саудасына өзінің монополиясын орнатқан: ол оны бір кантер үшін он безант беріп сатып алып, қырық безантқа сатты (Марко Поло, 1990i: 191). Бір кантерде 47512,5 г, яғни шетелдік саудагерлер оның шамамен 283 грамын 1 г алтынға сатып алған. Құны айтарлықтай, Чжао Жугуадағы Яван бұрышының бағасы шамасында (1 г алтын үшін 100 г-нан 200 г тауарға дейін). Тағы бір бөлімде Марко Поло ақ тышқан терісінен жасалған тон мың безант, ал бұлғын терісінен жасалған жақсы тон екі мың тұрады деп жазады (Марко Поло, 1990j: 106). Терілер сирек кездесетін және қымбат тауар болды.

Бұл мәселе бойынша салыстырудың нәтижесін қорытындылай келе, аздап болжамдар айтуға болады. Марко Поло, саудагер ретінде, Чжао Жугуаға қарағанда баға мәселелеріне көбірек көңіл бөлген. Венециандықты хош иісті заттар, терілер, зергерлік бұйымдар сияқты қымбат тауарлар қызықтырған, ал күріш сияқты күнделікті тұтыну өнімдерінің бағасы туралы оның кітабында мәліметтер жоқ. Біз бар деректердің негізінде XIII ғ. ішінде аймақтағы алтынның бағасы құлады деп болжам жасай аламыз. Себебі Чжао Жугуаның тұсында алтын мен күмістің қатынасы 1:12, ал Марко Поло кезінде 1:8-ден 1:5-ке дейін құбылып тұрған (Чжао Жугуа өз еңбегінде айналадағы барлық елдердегі сауданың жай-күйін сипаттайды, оларға тән тауарларды атап өтеді, ал кейбір жерлерде тіпті ел ішіндегі тауар-ақша қатынастарының даму деңгейі туралы ақпарат береді. Оның еңбегі Марко Поло «Кітабының» кейбір бөлімдерін еске түсіреді, алайда, хронологиялық тұрғыдан оларды елу жылдан астам уақыт бөліп тұр). Бұл өз капиталын бизнеске салған, нарықты алтынмен толтырған саудагерлердің белсенділігінің артуына байланысты болуы мүмкін. Әрине, біздің есептеулеріміз шамамен екенін түсіну керек, өйткені деректер біржақты мәлімдемелер үшін тым аз материалдар береді.

Тауар-ақша қатынастарының даму деңгейі

Енді тауар-ақша қатынастарының даму деңгейіне қатысты мәліметтерге назар аударайық. Чжао Жугуа монеталар Явада (мыс, ақ мыс, күміс және қалайы қорытпасынан жасалған, 60 монета 1 лян (40 г) алтыннан тұрады), Малабарда (тек күміс монеталар туралы айтылады), Квилонда (күміс және алтын монеталар туралы да айтылады), Румда (екі металл да қолданылады), Жапонияда (тек мыс монеталар) қолданылды деп жазады (Chau Ju-Kua, 1966g: 78,88,89,141,171).

Коромандель жағалауында Чжао Жугуаның айтуынша, монеталардың орнына ақ қабықтар қолданылады (Chau Ju-Kua, 1966h: 97). Марко Поло, өз кезегінде, қабықтар (раковина) төлем құралы ретінде Үндістаннан және Караджаннан әкелінген Юньнань провинциясының кейбір қалаларында қолданылатынын атап өтеді (Марко Поло, 1990k: 126). Соңғы жағдайда, монеталарға раковиналардың айырбас бағамын білу мүмкіндігі бар: «мұндай қабықтардың сексені бір күміс сәйеге немесе екі венециандық грошқа тең» (Марко Поло, 1990l: 125). Сонымен қатар, раковиналар мен алтын монеталар Юньнань және Гуйчжоу провинцияларының шекарасында Толоман аймағында, сондай-ақ Зардандан аймағында болды (Марко Поло, 1990m: 128).

Чжао Жугуаның Қытайдан тыс жерлерге және сыртқы саудаға деген қызығушылығын ескере отырып, Юньнаньдағы монеталардың орнына қабықтарды пайдалану XIII ғасырдың бірінші жартысында орын алды деп болжауға болады. Сонымен бірге, өз еңбегінде Коромандель жағалауы туралы айтып кеткен Марко Поло, есептеулердің раковиналармен емес, қымбат металдармен жүргенін көрсетеді: жергілікті билеуші шетелдік көпестерден жылқыларды бес жүз алтын сәйеге сатып алған (Марко Поло, 1990na: 167). Бұл эпизодтан туындайтын тұжырымдар екі жақты. Бір жағынан, XIII ғасырдың екінші жартысына дейін бұл аймақта раковиналар айналымнан шығып қалуы мүмкін, екінші жағынан, ішкі төлемдердің құралы ретінде олар сақталған болуы да мүмкін, ал Марко Поло сипаттаған жағдайда алтын сыртқы саудаға қатысты айтылып отырғандықтан айналымға түскен.

Сонымен бірге, баж салығы туралы да ұмытпауымыз керек, өйткені олар кез-келген сауда жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Хронологияға сүйене отырып, Чжао Жугуадан бастайық. Оның мәліметтері толығымен жүйелі емес, ол кейбір елдер туралы ақпарат береді,

кейбіреулері туралы мәлімет жоқ, бұл оған осы хабарларды жеткізушілерге байланысты болды, өйткені Чжао Жугуа сипатталған жерлерге жеке өзі бармаған.

Чампта барлық сауда кемелерінен баж 20% құрады, ал тауарлар тізімі кеме бортында, портқа келгеннен кейін бірден жасалды (Chau Ju-Kua, 1966i: 49). Коромандель жағалауындағы Чола көпестермен танымал емес, өйткені алым-салықтары ауыр (өкінішке орай, бұл сөздердің артында не жатқанын Чжао Жугуа түсіндірмейді) (Chau Ju-Kua, 1966j: 96). Марко Поло баж салығы туралы көбірек айтады. Мысалы, Чэндуда хан үшін баж салығы сауда орындары орналасқан көпірде жиналады. Ал баждың жалпы мөлшері мың алтын безантқа жетеді (Марко Поло, 1990o: 121). Сомасы нақтыланбаған, бірақ үлкен мөлшерде баж Янцзыда алынады (Марко Поло, 1990p: 144). Ханчжоуга қатысты Марко Поло кейбір сандарды көрсетеді: дәмдеуіштерден 3,3%, 10% жібектен және басқа да көптеген құнды заттардан – мысалға, күріш шарабынан немесе көмірден (Марко Поло, 1990q: 150). Цюаньчжоуда Үнді кемелерінен асыл тастар мен інжу-маржандарға 10% баж алынды; «бір фрахт ұсақ заттарға 30%, фрахт бұрыш үшін – 44%, алоэ, сандал ағашы және басқа да ірі тауарлар үшін – 40% төлейді, ал саудагер жүк үшін, ұлы ханның баж салығы ретінде өзімен бірге әкелген барлық ақшаны береді» (Марко Поло, 1990r: 154). Коромандель жағалауындағы Маабарда көпестер екі рет төледі: барлығы 1/10 – патшаға және 1/20 – «інжу үшін суға сүнгітін адамдарға зиян тигізбеу үшін балықтарды сиқырлайтын адамдарға» (Марко Поло, 1990s: 166). Ақырында, егжей-тегжейлі айтпастан, Марко Поло Ұлы ханның пайдасына едәуір салықты Янцзы өзенінің солтүстік жағалауындағы Аньциннен келген көпестер төлегенін атап өтеді (Марко Поло, 1990t: 142).

Жоғарыда келтірілген мәліметтерге сүйене отырып, мынаны болжауға болады: Юань дәуірінде сауда салығын жинау жүйесі өткен кезеңдермен салыстырғанда едәуір күрделене түсті. Тауарлардың кең спектры оларды бағасына қарай бөлуге және сәйкесінше оларға салықтың мөлшерін белгілеуге мүмкіндік берді. Алайда, Чжао Жугуа берген мәліметтер, өкінішке орай, толық еместігін де ұмытпау керек.

Чжао Жугуа және Марко Поло деректері бойынша Қытай саудасы

Мақала тақырыбының аясында көтергіміз келетін тағы бір мәселе – Қытаймен тікелей сауданың ерекшеліктері. Қарастырылып отырған

деректер жалпы сауда мәселесі туралы айтады, ал Қытай жөнінде бұл мәселелер төңірегінде ұқыпты, жүйелі сипаттама жоқ. Алайда, кейбір жақтарын анықтап көруге болады.

Чжао Жугуа сипаттаған кезеңде Қытай экспортының негізгі заттары, әрине, жібек пен фарфор болды. Жібек Палембангта, Данмалинде сатып алынды – фарфордан жасалған бұйымдар Маджапахитте, Цейлонда, Малабарда екендігі айтылған (Chau Ju-Kua, 1966k: 61-62, 67,68,73,89). Яваға жібек, көк-жасыл және ақ түсті фарфор, Борнеоға жасыл фарфор жеткізілді. Фарфор сонымен қатар, Филиппин мен Каламиан аралдарында да танымал болған (Chau Ju-Kua, 1966k: 78,156,160,161).

Алайда Қытайдан экспортталатын тауарлардың тізімі осы екі позициямен шектелмеген. Жазу шеткаларымен бірге қағаз үлкен сұранысқа Цзяочжиде ие болған (Гуандун мен Вьетнам арасындағы аймақ) (Chau Ju-Kua, 1966l: 15). Даньмалин елінде (Малай түбегінде) жібек қолшатырлар сатып алынған (Chau Ju-Kua, 1966m: 67).

Явадан Қытайға кейбір дәрілік өсімдіктер шығарылған. 1234 жылға дейін аталған жылы арнайы жарлықпен тыйым салынған мысты шетелге белсенді түрде шығару орын алған болу керек [Chau Ju-Kua, 1966n: 78]. Чжао Жугуаның айтуынша, араб елдерінен тауарларды Палембанг (Суматра) делдалдары Қытайға әкеледі (Chau Ju-Kua, 1966o:114). Хайнань аралында жергілікті тұрғындар – Ли тайпасының өкілдері Қытай жібек киімдерін сатып алды, олардан түрлі-түсті жіптерді шығарып, перделерді тігіп, бұл жіптерді ағаш мақтамен араластырды (Chau Ju-Kua, 1966p: 183).

Татыран экспортқа жақсы шығарылды. Оның емдік қасиеттері Қытай және чжурчжендік ғалымдарға кеңінен танымал болған. Елюй Чуцай Солтүстік Қытайдың Лингу қаласын Шыңғыс хан әскерлерінің қоршауы кезінде (1226) екі түк татыранды олжаға алып, онымен эпидемиядан зардап шеккен моңғолдарды емдеген (Мункуев,1965с: 72). XIII ғасырдың ортасында моңғолдар туралы жазған Гильом де Рубрук татыран емдік шаралар үшін белсенді қолданылатынын атап өтеді (Путешествия в восточные страны Плано Карпини и Рубрука, 1957: 151-152). Сондықтан бұл өсімдік құнды тауар болды. Чжао Жугуа татыранды Шығыс Суматра мен Малабарда жақсы сатып алатындығын айтып өтеді (Chau Ju-Kua, 1966q: 62,89). XVII ғасырда орыс-қытай саудасы да дәл осы татыранды сатып алудан басталған.

Импортқа келетін болсақ, ол туралы мәліметтер одан да аз. Борнеодан камфора, сандал ағашы, тасбақа панцирін (бал ашу үшін) және піл сүйегі әкелінген (Chau Ju-Kua, 1966r: 157) – оны басқа елдерден де әкелуі мүмкін, себебі Чжао Жугуа піл азуын экспорттаушыларды көптеп атайды. Хайнань тұрғындары қытайлардан тұз, темір және теңіз өнімдерін мақта мен одан жасалған бұйымдарға, гару ағашы мен қарасораға алмастырған (Chau Ju-Kua, 1966s: 183). Ал араб саудагерлері Палембанг арқылы Қытайға інжу, дәмдеуіштер, хош иісті заттар, маржан, шыны әкелген (Chau Ju-Kua, 1966t: 114,116).

Енді Марко Поло қытайлық сауда операциялары туралы не жазғанын көрейік.

Оның уақытында татыран Сучжоу тауларында өсірілген, сол жерден «саудагерлер оны бүкіл әлемге таратады» (Марко Поло, 1990u: 75). Ланчжоуда «әлемдегі ең жақсы мускус» өндірілді, Иньчуанда түйе жүнінен ақ мата жасалды, ол «бүкіл Қытайға жеткізілді» және, мүмкін, одан тыс жерлерге де (Марко Поло, 1990v: 84).

Марко Полоның айтуынша, Юань империясының астанасына Қытайдың барлық жерлерінен жақсы заттар, Үндістаннан асыл тастар мен інжу-маржандар әкелінеді (Марко Поло, 1990w: 108). Хуанхэ өзенінің бойында үлкен сауда жүргізіледі – зімбір, жібек, аң әкелінеді (Марко Поло, 1990x: 119). Құбылай империясының құрамына кіретін Тибетте маржандар үлкен сұранысқа ие болды (Марко Поло, 1990y: 123). Чжао Жугуа кезінде маржандар Коромандель жағалауындағы Чоладан және Шығыс Суматрадағы Палембанг қаласынан әкелінген (мәтінде «Маржан ағаштары» делінген), онда жергілікті саудагерлер маржандарды арабтардан сатып алып, оларды әрі қарай Қытайға қайта сатқан (Chau Ju-Kua, 1966u: 96,61,116). Сонымен қатар, Марко Поло Черченнен (Қашғарияның оңтүстік-шығысы) яшма мен халцедон Қытайға әкелінгенін айтады (Марко Поло, 1990z: 71). Ганьфу қаласында Үндістаннан және басқа елдерден түрлі тауарлармен кемелер келетін тұрақ туралы айтылады (Марко Поло, 1990a: 148).

Фуцзянь провинциясындағы Дэхуадан фарфор ыдыстар «бүкіл әлемге тасымалданады» (Марко Поло, 1990b: 154). Әрине, «бүкіл әлем» туралы Марко Поло біршама асыра сілтейді, бірақ Қытайдан фарфордың кең экспорты факт ретінде даусыз. Сондай-ақ, Марко Поло Эргинулдан (Ланчжоу) жоғары сапалы мускус туралы айтады (Марко Поло, 1990c: 83). Таянчу қаласы туралы, одан келген саудагерлер әр түрлі елдер-

ге барады және сол жерде шарап, жібек және ат әбзелдерін шығарады (Марко Поло, 1990d: 117) делінген, бұдан дәл осы тауарлар экспортқа шығарылған деп болжауға болады.

Қорытынды

Біз қарастырған екі шығарма XIII ғасырдағы сауда тарихы, тауар алмасу және аймақтың экономикалық даму тенденциялары туралы, Оңтүстік Сун әулетінің құлауынан Юань әулетінің негізін қалаушы Құбылайдың билікке келуіне дейінгі кезеңнің құнды дереккөздері болып табылады. Олардан XIII ғасыр бойында қытайдың сыртқы сауда байланыстары болу мүмкін елдердің қатары айтарлықтай өзгеріске ұшырамағанын көреміз. Моңғолдардың билікке келуімен Азия аймағымен байланыс күшейе түседі.

Сондай-ақ, Чжао Жугуаның кезінде аймақтағы алтын Марко Поло кезеңіне қарағанда қымбатырақ бағаланғанын білуге болады. Қытайдағы моңғол билігі кезінде шығыста алтын сол уақыттағы батысқа қарағанда арзанырақ болғаны анықталды. Өкінішке орай, басқа тауарлардың бағаларын салыстыру мүмкін емес, өйткені бұл деректерде басқа сәйкестіктер кездеспейді. Баж салығына келетін болсақ, моңғолдар кезінде тауарлардың түріне байланысты алымдардың градациясымен күрделі жүйе құрылды. Мүмкін, мұндай құбылыс Оңтүстік Сун әулеті кезінде де байқалған шығар, бірақ Чжао Жугуа бұл туралы мәліметтер қалдырмайды.

Оңтүстік Сун мен Юань кезеңінде Қытай көршілерімен белсенді сауда жасап, жібек, фарфор, татыран және басқа да дәрілік өсімдіктерді экспорттады. Оңтүстік Сун тұсында мыс экспортталды, Юань кезеңінде – юньнаннан жылқылар шығарылды. Оңтүстік Сун кезінде камфора, піл сүйегі, құнды ағаш түрлері, тасбақа қабығы, мақта, асыл тастар, хош иісті зат, шыны және дәмдеуіштер әкелінді. Моңғолдар кезінде бұл тізімнің негізгі тармақтары сақталды, жылқы саудасы күшейе түсті.

Сонымен, Юань әулетінің билікке келуі аймақтағы сауда жағдайына оң әсер етті деп болжауға болады. Саудагерлердің жағдайы алдыңғы кезеңмен салыстырғанда нығайды. Сыртқы байланыстар сақталып, кеңейе түсті. Баж салықтарын жинаудың дамыған жүйесі бюрократиялық аппаратты ұйымдастырудың жоғары деңгейін көрсетеді. Импортталатын және экспортталатын тауарлардың ассортименті айтарлықтай толықтырылды.

Әдебиеттер

- Biran M. (2013) *The Mongol Empire: The State of the Research* // *History Compass*. 11/11. P. 1021–1033.
- Джувеини. (2004) *Чингис-хан. История завоевателя мира* / Пер. с англ. Е.Е. Харитоновой. – Москва: Магистр-Пресс. 688 с.
- Духовная культура Китая. (2009) Т. 4. *Историческая мысль. Политическая и правовая культура*. Москва: Восточная литература. 964 с.
- Духовная культура Китая. (2009) Т. 5. *Наука, техническая и военная мысль, здравоохранение и образование*. Москва: Восточная литература. 1120 с.
- Endicott-West E. (1989) *Merchant Associations in Yüan China* // *Asia Major*. 2. P. 127–154.
- Карпов С.П. (1990) *Итальянские морские республики и Южное Причерноморье в XIII–XIV вв.: проблемы торговли*. Москва. С. 268–269.
- Крадин Н.Н., Скрынникова Т.Д. (2006) *Империя Чингис-хана*. Москва: Восточная литература. 557 с.
- Lo Jungpang. (2012) *China as a Sea Power. 1127–1368: a preliminary Survey of the Maritime Expansion and Naval Exploits of the Chinese People during the Southern Song and Yuan Periods*. Singapore: NUS Press. 378 p.
- Марко Поло. (1990) *Книга Марко Поло о разнообразии мира, записанная пизанцем Рустичано* / Пер. И.П. Минаева, вступ. статья И.П. Магидовича. Алма-Аты: Наука КазССР. 347 с.
- Мункуев Н.Ц. (1965) *Китайский источник о первых монгольских ханах*. Москва: Наука. 224 с.
- Очерки истории Китая с древности до «опиумных» войн (1959) / Под ред. Шан Юэ. Москва: Наука. 579 с.
- Пономарев А.Л. (2011) *Эволюция денежных систем Причерноморья и Балкан в XIII–XV вв.* Москва: Изд. Московского университета. 672 с.
- Петрушевский И.П. (1970) *Поход монгольских войск в Среднюю Азию в 1219-1224 г.г. и его последствия* // *Татаро-монголы в Азии и Европе. Сборник статей*. Москва: Наука. С. 113-114
- Путешествия в восточные страны Платона Карпини и Рубрика (1957) / Пер. А.И. Малеина, ред., вступ. статья, прим. Н.П. Шастиной. Москва: Госиздат Географической литературы. 288 с.
- Рашид ад-дин Ф. (1952) *Сборник летописей* / Пер. с перс. Хетагурова Л.А., ред. и прим. проф. Семенова А.А. Т.2. Москва-Ленинград: Изд. АН.
- Уваров П.Ю., Рябинин А.Л. (2017) *Китай в средневековом мире. Взгляд из всемирной истории*. Санкт-Петербург: Наука. 288 с.
- Franke H. (1978) *Nordchina am Vorabend der mongolischen Eroberungen: Wirtschaft und Gesellschaft unter der Chin-Dynastie (1115–1234)*. Opladen: Verlag für Sozialwissenschaften. 50 s.
- Heyd W. (1885) *Histoire du commerce du Levant*. Vol. 1–2. Leipzig.
- Ciociltan V. (2012) *The Mongols and the Black Sea Trade in the 13th and 14th Centuries*. Leiden: Brill. 330 p.
- Chau Ju-Kua. (1966) *Work on the Chinese and Arab Trade in the 12th and 13th c.* / Trans. by F. Hirth and W.W. Rockhill. Vol. 1. New-York. P. 89.

References

- Biran M. (2013) *The Mongol Empire: The State of the Research* // *History Compass*. 11/11. R. 1021–1033.
- Dzhuveini. (2004) *Chingis-khan. Istoriya zavoevatel'ya mira* / Per. s angl. E.E. Kharitonovoi. Moskva: Magistr-Press. 688 s.
- Dukhovnaya kul'tura Kitaya. (2009) T. 4. *Istoricheskaya mysl'. Politicheskaya i pravovaya kul'tura*. Moskva: Vostochnaya literatura. 964 s.
- Dukhovnaya kul'tura Kitaya. (2009) T. 5. *Nauka, tekhnicheskaya i voennaya mysl', zdruvookhranenie i obrazovanie*. Moskva: Vostochnaya literatura. 1120 s.
- Endicott-West E. (1989) *Merchant Associations in Yüan China* // *Asia Major*. 2. P. 127–154.
- Karpov S.P. (1990) *Ital'yanskije morskije respubliki i Yuzhnoe Prichernomor'e v XIII–XIV vv.: problemy trgovli*. Moskva. S. 268–269.
- Kradin N.N., Skrynnikova T.D. (2006) *Imperiya Chingis-khana*. Moskva: Vostochnaya literatura. 557 s.
- Lo Jungpang. (2012) *China as a Sea Power. 1127–1368: a preliminary Survey of the Maritime Expansion and Naval Exploits of the Chinese People during the Southern Song and Yuan Periods*. Singapore: NUS Press. 378 p.
- Marko Polo. (1990) *Kniga Marko Polo o raznobrazii mira, zapisannaya pizantsem Rustichano* / Per. I.P. Minaeva, vstup. stat'ya I.P. Magidovicha. Alma-Aty: Nauka KazSSR. 347 s.
- Munkuev N.Ts. (1965) *Kitaiskii istochnik o pervykh mongol'skikh khanakh*. Moskva: Nauka. 224 s.
- Ocherki istorii Kitaya s drevnosti do «opiumnykh» voin (1959) / Pod red. Shan Yue. Moskva: Nauka. 579 s.
- Ponomarev A.L. (2011) *Evolyutsiya denezhnykh sistem Prichernomor'ya i Balkan v XIII–XV vv.* Moskva: Izd. Moskovskogo universiteta. 672 s.
- Petrushevskii I.P. (1970) *Pokhod mongol'skikh voisk v Srednyuyu Aziyu v 1219-1224 g.g. i ego posledstviya* // *Tataro-mongoly v Azii i Evrope. Sbornik statei*. Moskva: Nauka. S. 113-114

Puteshestviya v vostochnye strany Plano Karpini i Rubruka (1957) / Per. A.I. Maleina, red., vstup. stat'ya, prim. N.P. Shastinoi. Moskva: Gosizdat Geograficheskoi literatury. 288 s.

Rashid ad-din F. (1952) Sbornik letopisei / Per. s pers. Khetagurova L.A., red. i prim. prof. Semenova A.A. T.2. Moskva-Leningrad: Izd. AN.

Uvarov P.Yu., Ryabinin A.L. (2017) Kitai v srednevekovom mire. Vzgl'yad iz vseмирnoi istorii. Sankt-Peterburg: Nauka. 288 s.

Franke H. (1978) Nordchina am Vorabend der mongolischen Eroberungen: Wirtschaft und Gesellschaft unter der Chin-Dynastie (1115–1234). Opladen: Verlag für Sozialwissenschaften. 50 s.

Heyd W. (1885) Histoire du commerce du Levant. Vol. 1–2. Leipzig.

Ciociltan V. (2012) The Mongols and the Black Sea Trade in the 13th and 14th Centuries. Leiden: Brill. 330 p.

Chau Ju-Kua. (1966) Work on the Chinese and Arab Trade in the 12th and 13th c. / Trans. by F. Hirth and W.W. Rockhill. Vol. 1. New-York. R. 89.